



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА  
**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

## АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – РУХАНИ ДАМУ КЕПІЛІ

Абуталипова Асемгуль Багитбаевна,  
Тайкешева Балауса Наушабекқызы,  
Салмаганбетова Актоты Катаевна  
«Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің  
№28 Құсмұрын орта мектебі» ММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері және кітапхана меңгерушісі,  
Әуликөл ауданы

#### *Аннотация*

*Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің және де кітапхана жүйесімен біріктіру негізінде жүзеге асыру жолдары жайлы айтылған. Осы бағытта атқарылған рухани-адамгершілік, мәдени, тәрбие үлгісіндегі іс-шаралар барысы, орындалуы нәтижесі, жалпы осы іс-шаралар арқылы мектептегі оқу және оқыту үрдісінің тиімділігінің артқандығы туралы нақты деректер келтірілуімен айтылған. Осы бағытта қорытынды, түйіндер жасалып, ұсыныстар берілуі арқылы тәжірибені халықаралық деңгейде жинақтау мақсат көзделген.*

#### *Аннотация*

*Актуальность. Цель. В данной статье говорится о путях реализации программы «Рухани жаңғыру» на основе интеграции учителей казахского языка и литературы в школе, а также с библиотечной системой. В данном направлении приводятся конкретные данные о ходе, результатах выполнения мероприятий в форме духовно-нравственного, культурного, воспитательного характера, о повышении эффективности учебного и образовательного процесса в школе в целом через эти мероприятия. В этом направлении планируется обобщение опыта на международном уровне с подведением итогов, выводов и рекомендаций.*

#### *Abstract*

*Relevance. Goal. This article refers to implementation of the program "Rouhani zhanqyru" through the integration of teachers of the Kazakh language and literature at school, and library system. This direction provides specific data on the progress and results of the implementation of activities in the form of spiritual, moral, cultural, educational nature, to improve the efficiency of the educational process in the school as a whole through these activities. In this direction, it is planned to summarize the experience at the international level, summarizing the results, conclusions and recommendations.*

**Түйінді сөздер:** оқу және оқыту үрдісі, қазақ тілі, әдебиеті, кітапхана жұмысы, тәжірибе, ұсыныс, өзекті мәселе, шешілудің оңтайлы жолдары, жетістіктер.

**Ключевые слова:** учебный и учебный процесс, казахский язык, литература, библиотечная работа, опыт, рекомендации, актуальные проблемы, оптимальные пути решения, достижения.

**Keywords:** educational and training process, Kazakh language, literature, library work, experience, recommendations, current problems, optimal solutions, achievements.

«Маған айтып берсең – ұмытып қалармын, көрсетсең – есімде сақтармын, өзіме жасатсаң – үйреніп алармын». (Конфуций)

Шынтуайтына келер болсақ, әр заман өзінің ағымына қарай түрлі өзгерістер мен жаңашыл идеяларды бастап кешіруде. Әрбір жаңалық өзінің әдемі себептерімен күтілетін нәтижесін болжамдап отыратындығы анық. Өзгерістер әрқашанда білім мен ағарту саласында болады, оларды бірге алып жүретін кісілердің бірі – ұстаздар қауымы. Әрбір жаңашылдықты ұстауда, меңгеру мен дамытуда ұстаздардың өзінше бір қағидалары мен ұстанымдары болады. Мұғалімнің өзіндік ерекшеліктері мен білігіне, дағдысы мен қабілетіне, шығармашылығына орай ұстанымдары да әр түрлі. Әрбір білім ордасындағы мұғалім өз жұмысында өзінің қызметін, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті мамандары болса мектептің кітапханалық жүйесімен бірге ынтымақтастық ортада жұмыс жасаған жөн деп санаймыз. Себебі жаңартылған мазмұнды білім саласында түрлі жағдайларды ескере отыра, әрбір оқушыдан жан-жақты мүмкіндіктерін ескеру нәтижесінде қабілеттері мен дарындарын дамыту, инклюзивті оқытуды басшылыққа ала отырып, оқу мен оқыту үрдісіне оқушылардың барлығын тарту әрбір оқу мен оқыту үрдісінің және де қосымша білім берудің әдеби оқулықтармен, ресурстармен тыңғылықты қамтамасыз етілуімен жүзеге асырылғаны абзал. Осы орайда оқушының бойында тек қана білімдік дағдылар мен іскерліктерді қалыптастырып қана қоймай, оның адамгершілік-рухани тұрғыда қалыптасуына ерекше мән беруде жоғарыда атап кеткен лауазым иелерінен өзге барша білім беру ұйымының қызметкерлері жауапты болып келеді. Ия, мақсат айқын болса, күтілетін нәтижеге жет де оңай болмақ.

Біздің мектеп мемлекеттік тілде жалпы білім беретін білім ордасы болғандықтан қазақ тілі мен әдебиетін пәндері бастапқы пәндер болып табылады. Ал көркем әдебиетке, әдеби-мәдени, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне қатысты үлкен міндеттер тұрғанда мектепшілік кітапхана жүйесімен тікелей ынтымақтықта болу – бастапқы қадам. Сол себепті бұл пәндер құрылымы кең құлашты, жүйелі, мазмұны жағынан тәрбиелік құндылықтарға бай, мемлекеттік жалпыға ортақ стандарттармен бірге елбасының барлық саясатын насихатталуы ескерілген, психологиялық ерекшеліктеріне орай құрылған саралау тапсырмалары мен шығармашылық бағыттағы жұмыс түрлеріне толы болуы шарт. Мұғалім сабақты қалай жоспарласа, мақсатын оқушылармен бірге айқындаса, сабақ та өз нәтижесін көрсетіп, жемісін берері анық. Қазіргі жастарды, жас ұрпақты білім мен тәрбие саласында қалайша бағыттап, бір бағытқа бағдарласақ, міндет пен мақсат, мектеп-үй мүшелерінің ортақ жемісі боларына күмән жоқ. Ал мектеп пен үйде және қоршаған ортада білім алушы өзінің жағымды әрекеті мен білімі-білігімен, оқу дағдыларымен танылып жатса – мемлекеттің де болашағының жарқын болатындығының кепілі. Болашақпен ғана өмір сүрмей, қалыптасып жатқан жеке тұлғаның қазіргі бойына дұрыс әрекет арқылы ізгілік нұрын себу осы шақта жүзеге асырылғанын қалау – тілегім мен парызым. Қазіргі таңда әрбір оқушы білімді игеріп қана қоймай, біліп, түсініп, өмірде қолданып, талдап, жинақтап, бағасын бере білу керек. Жан-жақты шешім қабылдай алатын, үлкен өмірге аяқ басқанда жан-жақты сауаттылығын көрсете білетін тұлға моделі қашанда мектепте жасалады. *«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деген пікірді елбасы әрбір үндеуінде еске салып отырып, мұғалім мәртебесін көтеруді үкімет тарапына тапсырып отырады. Бұл өте қуантарлық жайт. Себебі, оқушыға жұмсалған уақыт мемлекет тарапынан өтеліп отырады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай сөзі осы орайда сәйкес келетін секілді. Мұғалім – баланың санасына білім нәрін сеуіп, рухани жан-дүниесін байытатын қадірлі тұлға, ал заман өте келе көпшіліктің санасы мен ішкі жан-дүниесі сыртқы факторлардың әсерімен өзгеріп, басқа бағытқа бұрылатындығын айта кетсек артық болмас. Бұл тарапта білім түгілі бір-біріне деген адамгершілік, сүйіспеншілік сезімдерінің берілуі де тоқталуы мүмкін. Бұл жөнінде хәкім Абай:*

«Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз» - десе, бұдан шығатын шешім – жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз оқу екендігі ойға бірінші түседі. Ал экономикалық дағдарыспен әлем жұртшылығы күресіп жатқан күнкөріс заманда жетістікке қол жетуде оқу сауаттылығы көпшіліктің соңғы орнында қалған кезек, ұмыт қалған белгі секілді. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ екендігін елбасы ескере келе «Рухани жаңғыру», қоғам санасын оятуды көздеу арқылы «Алаш ұстаздарының» ұстанымын қайта жаңғырғандай ұлы әрекет жасауда. Осы ретте біздің де әрбір сабағымыз, іс-шараларымыз рухани жан байлығының молаюына арналуда. Жан-жақты сауаттылықты қолдау, дұрыс бағытта дамыту, нәтижесін көру, рухани байып кету – барлығы дерлік сәйкесінше жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, Асемгуль Багитбаевнаның жетекшілігімен Баймуханова Гүлден және Жазықпаева Амина-сынды шәкірттер «Латын қарпін тиімді меңгеру жолдары» тақырыбымен латын қарпін жаңғырту, сонымен бірге Нұрман Нұрай деген шәкірті «Канзаши – қазіргі сән үлгісі» деген тақырыпта бос уақытты тиімді өткізу, жастайынан бизнес жоспарды, болашақ мамандықты қазірден ойластыру, рухани медиа жоспарлауды үйрену мақсатында облыстық ғылыми-практикалық конференцияда жүлделі I, III орындарды иеленіп, «Көрермен көзайымы» номинациясын жеңіп алса, былтырғы жылғы «Зерде» оқушылар ғылыми жобасының және шығармашылық жұмыстарының байқауында Гүлден мен Амина I орынға ие болып, қазіргі таңда Республикалық турына Щучье қаласындағы «Балдәурен» орталығына баруға дайындық үстінде. Кітап оқу былай тұрсын, очерк жазу бойынша аудандық байқаудан Байтурсунова Тахмина және Ахмет есімді ағайындылар «Туған жер – тал бесік» очерк-әңгімелерімен жүлделі II орынға ие болса, биылғы жылы Асемгуль Багитбаевнаның 7-сынып оқушылары Боранбаева Гүлдана мен Батырбекова Жасмин аудандық очерк байқауынан I орын алған еді. Білім қуған шәкірттің бірі – Айман Қуанышбаева болашақта әдебиет маманы, ұстазы болуды армандап жүргенін «Жарқын болашақ-2018» аудандық турында «Тілші-әдебиетші» номинациясында II орынды қанжығасына байлап, әдебиетті не үшін таңдағанына марқаюда. Айман өзінің қасына Райма Муслипова деген сыныптасын қосып алып, «Алтынсарин оқулары» байқауында ағартушының шығармашылығын, ұстаздық мұрасын насихаттап, жаңғыртуда еңбектері еленіп, аудан бойынша жүлделі II орынға ие болды. Қазіргі таңда Айман Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің филология факультетінің I курс студенті болса, Райма Ресейдегі Волгоград Ішкі істер Академиясының курсанты болып жүргеніне өте қуаныштымыз. Сонымен бірге айтыс деген ұлы сөз өнері жарысында да Гүлден Баймұханова («Алтынсарин оқулары» аудандық байқауында авторлық өлең бағытында II орын иегері) аудандық айтыстан жүлделі III орынға екі мәрте ие болды. Сонымен қоса, аудандық тілдерді оқыту орталығы тарапынан өткізілген «Жыр шеру-Әуликөл» байқауында Гүлден (бумен пісіретін пешке) I орынға ие болып, Нұрман Нұрай, Жақсылық Балнұр, Темербаева Томирис, Жанбулат Сабина, Боранбаева Гүлдана, Жазықпаева Аминалар алғыс хатқа және бір-бір электр шәйнектерін жүлделеген еді. Аталып кеткен оқушылар Мұқағали, Абай оқуларына қатысып, мадақтама қағаздарына ие болып жүрген тіл жанашырлары. Білім басқармасы тарапынан өткізілген Мақатаев пен Жансүгіров оқуларынан Жазықпаева Амина облыстан II орынға ие болса, Алипа Ихсанов Жансүгіров оқуларынан облыс бойынша III орынға ие болғаны да біздің мектеп білім алушыларының поэзия мен прозаға тым жақын екендігінің дәлелі ретінде ауыз толтырып айтуға болады.

Сонымен бірге Балауса Наушабекқызының бастауымен Ділناз Тұяқбай және Жазықпаев Айдар, Туралина Миланда-сынды оқушылары осындай бағыттағы жыр, эссе, ән байқауларынан жүлделі болып келеді. Әсіресе Айдардың республикалық және де

халықаралық деңгейде болатын ән байқауларында өзіндік орнын тепкен дарынды бала екендігі облыс қауымына мәлім.

Оқушылармен бірге мұғалімдердің де Білім басқармасы тарапынан өткізілетін «Мәңгілік ел» бағдарламасының аясында Торғайдағы, ал былтырғы жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Заречныйдағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, тәжірибе бөлісу арқылы рухани байлық пен білікті арттырып жүргеніміз де педагогикалық және кітапқа деген аса зор ынтық сезімдеріміздің беріктігінің куәсіндей. Бұл тұрғыда үнемі кітаптар қорымен қамтамасыз ететін және де түрлі мерейлі даталарға ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын түрлі іс-шараларға бастама жасайтын кітапхана меңгерушісі Ақтоты Катаевнаның да еңбегі зор.

Келер ұрпаққа ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен мол және асыл мұрасының бағасын бере білуді үйрету, бойына ерекше дағды ретінде сіндіру міндеті дұрыс атқарылып жатқаны рухани жаңғыру мен жанданудың белгісіндей. Өз тарапымыздан келер ұрпаққа, келесі ғасырға есте қаларлық, рухани азық болатын мәдени, рухани мұра қалдыруға азық жиғаны дұрыс деген пікірдеміз. Адам санасын дұрыс бағытқа бұру үшін кітаптардағы тарихқа үңілу керек, тарихқа үңілу үшін рухани жаңғыруымыз керек. Ендеше, рухани бай, қазыналы, асылдың сынағы болып жүре берейік!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абай Құнанбайұлы «Таңдамалы шығармалары»
2. Абай Құнанбайұлы «Қарасөздері»
3. «Егемен Қазақстан» газеті, Қайрат Әбілда, 2018 жылғы 20 мамыр.
4. ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Ақ Орда, 2017 ж.
5. <https://uchitelskaya.kz>
6. Бес арыс//Бес томдық жинақ.-Алматы, 1991.

### **«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ**

Адиятова Ализа Тулепбергеновна,  
Султангиреева Нұргүл Серікбаевна  
«Затобол мектеп-гимназиясы» ММ  
қазақ тілі мұғалімдері,  
Қостанай ауданы

#### **Аннотация**

*Өзектілігі. Бүгінгі күрделенген дүниенің жаһандану үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең негізгі мәселенің бірі болып отыр. Жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және бірте - бірте жаңғырту арқылы қоғам алдындағы мәселелер оң шешімін табады. Жастардың бойына адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары - ұлттық мәдениет шешуші роль атқарады.*

*Мақсаты: Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінің маңызын көрсету.*

#### **Аннотация**

*Актуальность. С наступлением эпохи глобализации культурному многообразию человечества брошен вызов со стороны массовой культуры и ответом на него может быть последовательное и постоянное обращение и сохранение национальных культурных ценностей, способствующих позитивному решению стоящих перед обществом проблем. Важным звеном в общей цепи культурного развития является богатая вековыми традициями национальная культура.*

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58